



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2019 жылғы 6 ақпан

Аграрлық секторға қолдау көрсету және «Цеснабанк» АҚ-тың қаржылық орнықтылығын арттыру шаралары туралы

Ұлттық Банк пен Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен «Цеснабанк» АҚ-тың қаржылық орнықтылығын арттыру және аграрлық секторға қолдау көрсету шараларына сәйкес, сондай-ақ агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының борыштық жүктемесін басқарудың бірыңғай саясатын іске асыру мақсатында «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ «Цеснабанк» АҚ-тан 604 млрд. теңге сомаға ауыл шаруашылығы кредиттерінің портфелін сатып алған болатын.

«Цеснабанк» АҚ-тың үлесіне валюталық кредиттер түріндегі жүктемесі бар агроөнеркәсіптік сала кредиттік портфелінің 65%-ы тиесілі екендігі белгілі. Сыртқы нарықтардағы жылдам өзгеретін ахуалдың қысымымен ауыл шаруашылығы өндірушілерінің қаржылық орнықтылығы нашарлады. Өз кезегінде бұл Банктің қаржылық орнықтылығына әсер етті.

Жүргізілген шаралар нәтижесінде банктің капиталына жаңа инвестор тартып, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге қосымша қолдау көрсету және олардың жылдам қалыпқа келуі үшін жағдайлар жасалды.

Қол жеткізілген уағдаластықтар шегінде «First Heartland Securities» АҚ (бұдан әрі – FHS) «Цеснабанк» АҚ акцияларының бақылау пакетін сатып алды.

Ұлттық Банк пен Үкімет іске асырған шаралар кешені және «Цеснабанк» АҚ-қа жаңа инвестор тарту «Цеснабанк» АҚ-ты қалыпқа келтіруге мүмкіндік берді. Қазіргі уақытта банктің Ұлттық Банктің ең төменгі талаптарынан асатын капиталдандыру және өтімділік көрсеткіштері, кредиторларға қаражаттың қайтарылуын қамтамасыз ететін, теңгемен ұзақ мерзімді қорландыра алатын тұрақты қоры бар.

«Цеснабанк» АҚ-ты қаржылай қалыпқа келтіру жоспары қазіргі акционерлерінің теңбе-тең қатысуымен не жаңа инвесторларды тарта отырып мемлекет тарапынан қолдау көрсетудің негізділігі; провизиялардың, капиталдың және өтімділіктің тәуекел-бейініне сәйкес келетін қажетті қорын жасау қағидаттарымен; және тиімді менеджментті тарта отырып, қаржы институтының бизнес-моделін кейіннен өзгерту арқылы іске асырылды.

«Цеснабанк» АҚ өзінің салымшылары, кредиторлары мен инвесторлары алдындағы міндеттемелерін орындап жатқан, орнықты қаржы институты ретінде жұмыс істеуін жалғастырады.

«Цеснабанк» АҚ-тың одан әрі даму стратегиясын FHS акционерлері айқындайтын болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz